

Пайдалану бойынша нұсқаулық

USB-тармақтағыш
PREMIUM M3H4-G2-OG

DEXP

Құрметті сатып алушы!

Сізге «DEXP» суда маркасымен шығарылатын бұйымды таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған бұйымдарды ұсына-тынымызға қуаныштымыз. Құралды пайдаланбас бұрын, сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ құралды дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз, оны құралды одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының тағайындалуы

USB концентратор (хаб) — бұл USB порттарының санын арттыратын және бір уақытта бірнеше USB құрылғыларын пайдалануға мүмкіндік беретін құрылғы болып табылады.

Құрылғының ерекшеліктері

- USB 3.1 Gen 2 4 порты, 10 Гбит/с дейінгі жылдамдықпен деректерді беру.
- USB әр порты USB 3.1 Gen 2 стандарттарына сәйкес келеді.
- Жоғары кернеу мен ток қуатынан құрылғылардың шамадан тыс жүктелуіне жол бермейді.
- Бағдарламалық жасақтаманы орнатуды қажет етпейді.
- Әр түрлі құрылғылар үшін қолайлы ықшамды дизайн.

Сақтық шаралары

1. Құрылғыны соққылардан, құлаудан, сызаттардан және басқа зиянды әсерлерден қорғаңыз.
2. Бұйымды күн сәулесіне, экстремалды температураға немесе шамадан тыс қызуға ұшыратпаңыз.
3. Құрылғыны жылу көздерінің жанына орнатпаңыз (жылытқыштар, кондиционерлер және т.б.).
4. Құрылғыны жұмсақ матаның көмегімен тазалаңыз. Агрессивті және агрессивті тазалағыш заттарды пайдаланбаңыз.
5. Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
6. Құрылғыны өзіңіз бөлшектемеңіз. Құрылғы істен шыққан жағдайда уәкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Жиынтық


- USB-тармақтағыш.
- Қуат адаптері.
- Деректерді беру кабелі (100 см).
- Пайдаланушының нұсқаулығы.

Техникалық сипаттамалары

Құрылғы	USB тармақтағышы 4 портта
Үлгісі	M3N4-G2-OG
Материал	Металл
Қуат адаптері	DC 12 В / 2 А
Кіріс	USB 3.1 Gen 2 Type-A
Шығыс	USB 3.1 Gen 2 Type-A (4 шт.)
Деректерді беру жылдамдығы	10 Гбит/с дейін
ОС	Windows, macOS, Linux
Кабель ұзындығы	100 см

Құрылғының сызбасы


1. ДК қосуға арналған USB 3.1 Gen 2 жалғағышы.



2. Қуат индикаторы.
3. USB 3.1 Gen 2 порты (4 дана).
4. Қуат адаптерін қосуға арналған жалғағыш.

Пайдалану жөніндегі нұсқау

1. Құрылғыны қуат көзіне, содан кейін компьютердің USB портына қосыңыз. Жарық индикаторы көгілдір жарықпен жанады.
2. Құрылғыны USB портына қосыңыз. Құрылғы пайдалануға дайын болады.



Құрылғыны өшіру

Microsoft Windows: тапсырмалар тақтасындағы «Құрылғыны қауіпсіз шығару» белгішесін басыңыз. Жүйе «Құрылғыны қауіпсіз шығаруды» ұсынған кезде құрылғыларды қауіпсіз түрде жою үшін «USB құрылғысын шығаруды» таңдаңыз.

macOS: құрылғыларды оқуды/жазуды тоқтатып, оларды «себетке» тасымалдаңыз.

Үйлесімділік

- Құрылғы сыртқы қатты дискілермен, флэш-дискілермен, ұялы телефондармен, планшеттермен, карт-ридерлермен, медиа ойнатқыштармен, тінтуірлермен, пернетақталармен, камералармен, принтерлермен, сканерлермен және көптеген USB құрылғыларымен үйлесімді болып келеді.
- Құрылғы Windows, macOS немесе Linux-пен жұмыс істейтін кез-келген жұмыс үстелімен немесе портативті компьютермен үйлесімді. Қосылған кезде қосымша драйверді қайта қосу немесе орнату қажет емес.
- Кейбір сымсыз желі адаптерлер, сымсыз қабылдағыш, Bluetooth адаптері тек компьютердің USB хостымен жұмыс істей алады және USB хабына сәйкес келмеуі мүмкін. Мәселелер туындаған кезде қолдау қызметіне хабарласыңыз.
- macOS соңғы жаңарту орнатылмаған болса, кез-келген USB хабымен жұмыс істемейуі мүмкін. macOS компьютеріндегі USB хабын пайдалану кезінде мәселе туындаған кезде App Store-дан macOS арналған соңғы жаңартуды қолданыңыз.
- USB 3.1 Gen 2 (USB 3.2 Gen 2) бар құрылғысы порттармен және USB 3.0/3.1 Gen 1 және USB 2.0 жалғағыштарымен кері үйлесімді болып келеді.

Кепілдік міндеттемелері

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа бұйымдарға қолданылады. Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжайда:
<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 6 ай.

Пайдалану мерзімі: 12 ай.

Монтаждау, сақтау, көшіру (тасымалдау), сату және жою ережелері мен талаптары

- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында, қаптамада ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 %-дан аспайтын кезде жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда тотықтануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты өңдеуді талап етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны жойыңыз.
- Аталған бұйымды жою қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Осы бұйымды дұрыс жоюды қамтамасыз ете отырып, Сіз қоршаған ортаға және адам денсаулығына ықтимал зиянды бақылаусыз қалдықтардың шығарылуының алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға ықпал етесіз. Осы бұйымды қабылдау және жою бекеттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығару жөніндегі кәсіпорыннан алуға болады.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь ОРИКО Тэктолоджис Ко., Лтд.
F9, Хэдквотерс Экономик Сентер Билдинг, Чжунхайсинь ғылыми-технологиялық паркі, Булань тас жолы, Шэньчжэнь қ., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexp.club

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

